

Тұсаукесер

ЗАМАННЫҢ ЗАҢҒАР ТҰЛҒАСЫ



Заманбек Нұрқаділов-қоғамның дамуына, елдің экономикасы мен мәдениетінің өркендеуіне үлкен үлес қосқан тұлға. Ол ұлттың болашағына бағытталған саналы шешімдер қабылдай отырып, елі үшін аянбай еңбек етті. Адалдықты, әділдікті, еңбекті, қарапайымдылықты ту етіп, өмірін еліне арнаған Заманбек Нұрқаділовті, дәріптеу һәм есте сақтау-бүгінгі жас ұрпақтың парызы.

Осы орайда, бүгін Аспантаулар аясында орналасқан қасиетті Кеген өңіріндегі ынтымағы мен бірлігі жарасқан елінде мемлекет және қоғам қайраткері Нұрқаділов Заманбек Қалабайұлының ескерткіш-бюсті бой көтеріп, ашылу салтанаты өтті.

Бұл шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында жүзеге асырылды. Сонымен қатар, Кеген ауылындағы балалар өнер мектебіне мемлекет және қоғам қайраткері Заманбек Нұрқаділовтің есімі берілді.

Ескерткіш-бюстің ашылу рәсімі Заманбек Нұрқаділов атындағы өнер мектебінің алаңында ұйымдастырылды. Салтанатты шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, танымал тұлғалар мен қайраткердің отбасы мүшелері мен аудан тұрғындары қатысты. Келген қонақтар алдымен Заманбек Нұрқаділов атындағы өнер мектебін аралап, мұражаймен танысып, оқушылардың

өнерлерін тамашалады.

Облыс әкімінің орынбасары Нұржан Құдайбергенов, қоғам қайраткерлері Токкожа Естенов пен Болат Нұрғазиев, Заманбек Нұрқаділовтің ұлы Қайрат Нұрқаділов ескерткіш-бюстің ашылу рәсімін орындап, ақ жаулықты аналар шашу шашты.

Облыс әкімінің орынбасары Нұржан Құдайбергенов қайраткердің ел дамуына қосқан зор үлесін атап өтіп, оның еңбегінің ұлт тарихында мәңгі сақталатынын жеткізді:

«Заманбек Қалабайұлы-ел дамуына елеулі үлес қосқан белді қайраткер. Еңбек жолын 1985 жылы бастап, Алматы облысының әкімі, ҚР Төтенше жағдайлар агенттігінің төрағасы қызметтерін абыроймен атқарған. Бұл ескерткіш-бюст - халқымыздың қайраткерге деген шынайы құрметінің белгісі. Ұлт жанашыры ретінде Заманбек Нұрқаділов ел егемендігінің нығаюына елеулі үлес қосты. Осындай тұлғалардың еңбегін ұрпаққа мұра

ету- біздің ортақ парызымыз. Сондай-ақ, биіктігі 4,5 метр болатын бұл туындының авторлары, жас та болса өнері өрге жүзген қос мүсінші Айдос Бүркітбаев пен Тимур Нұрмұхаметовке туынды үшін барлық тұрғындар атынан алғыс білдіреміз, - деді ол.

Содан соң құттықтау сөзге қоғам қайраткерлері Токкожа Естенов пен Болат Нұрғазиев, асылдың тұяғы Қайрат Заманбекұлы ортаға шығып, жаңадан бой көтерген ескерткіш-бюстке ризашылықтарын білдіріп, ақжолтай тілектерін жолдады.

Салтанатты шараға қатысушылар Заманбек Қалабайұлының ескерткіш-бюстіне гүл шоқтарын қойып, ұлы қайраткердің рухына тағзым етті. Салтанатты рәсімнен кейін қатысушыларға Заманбек Нұрқаділовтің өмірі мен қызметі туралы «Не только о себе» атты кітаптың 300 данасы таратылды.

Қаперге

Кеген ауылындағы Заманбек Нұрқаділов атындағы өнер мектебі

Өнер мектебі 2015 жылы құрылған. Кеген ауылындағы балалар өнер мектебі балаларға домбыра, қобыз, баян, дәстүрлі ән, эстрада-вокал, хореография, бейнелеу, мүсін және



Дәурен ЕРМЕКБАЙ.
Кеген ауданы.

Ел қадірлісі

Абырой адал еңбекпен келеді

Ана – әлемдегі ең ардақты да, аяулы жан. Тоғыз ай құрсағында көтеріп, жүрегінің астында жатқан нәрестесінен барын да, нарын да аямайтын ананың адам өміріндегі орны ерекше.



атасы Әлдикасым-колхоз председателі боп көп жыл елге еңбегі сіңген жан. Атасының халыққа істеген жақсылығы туралы әлі күнге дейін халық айтып тауысар емес. Нағашы атасы Әлдикасым, өз атасы Атағұл – болыс ел аузында айтылып келе жатқан аңыз – абыздар. Анасы Сүмбедегі аптекада істеп, сосын зейнетке шыққан.

Көп жыл ауылдағы кез келген жұмыстарға белсене қатысып, басы-қасында болған. Ауыл адамдарының айтуынша Гүлнәздың анасы өте қарапайым, еңбекшіл болған. Гүлнәздың бойындағы еңбекқорлық, қарапайымдылық анасынан тараған. «Жақсылық көрсе, тасымай, жамандық көрсе жасымай» жүрген Гүлнәз көпке үлгі. Қашан көрсең де елге жақсылық тілеп жүреді.

«Отбасының жүрегі, алтын дінгегі - ана» депті бұрынғылар. Ата-бабамыз жалпы әйел затын жоқтан бар ғып өсіретін, ұрпақты адал етіп тәрбиелейтін, ел мен елді ұйыстыратын ел ұйтқысы ана деп қастерлеген.

Аналық өз мәртебесін биікке ұстаған, өз еңбек жолын Жетісу облысындағы Қоғалыдан бастаған Гүлнәз – бүгінде өз туған жерінде ел құрметіне бөленген жан. Елдің, жұрттың ілтипатына бөленіп жүрген Гүлнәздың марапаттары жетерлік.

Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған Гүлнәздың немерелері, ұлы мен келіні өзі сияқты елге, жұртқа жұғымды. Газет жанашыры Гүлнәз «Алатау ардагері» газетіне өткен жылы 50 адамды жаздырған, биыл 56 адамды жаздыруды жоспарлап отыр. Ақылына, көркі сай Гүлнәз ел құрметіне бөленген жан. Аудандағы, ауылдағы адамдардың бәрі Гүлнәз Кенжебекқызын ерекше құрметтейді. 2024 жылы алған «Еселі еңбегі үшін» төсбелгісі-соның айғағы.

Еңбегін жана берсін, Гүлнәз дейміз!

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының құрметті азаматы.

Мәдениет саңлағы

Мәдениеттің көшін алға оздырып жүрген әрбір маманның, талант иесінің тағдыр шұғыласының бір парағы сән-салтанатымен айшықталды. Көздің нұры мен көкіректің жырын келешек ұрпаққа үлгі-өнеге етіп жүрген өнер майталмандары киелі өңірімізде баршылық. Солардың бірі-аудандық тарихи-өлкетану музейінің өлкетанушысы Зәуреш Демеуқұлова.

Тұлғатану кеші болып өтті



Таяуда аудандық тарихи-өлкетану музейінде «Өнегелі өмір» тұлғатану кеш аясында, ауданның Құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті азаматы, «Қазақстан Республикасының үздік өлкетанушысы», «Қазақстан патриоты» төсбелгілерінің иегері, Әлем халықтары Жазушылар Одағының мүшесі «Демеуқұлова Зәуреш Жұмағалиқызының дара жолы» атты тұлғатану кеші болып өтті.

Аталмыш іс-шараға «AMANAT» партиясы Балқаш аудандық филиалының төрағасы Марат Ноғайбай, аудандық Кәсіподақ ұйымының төрағасы Самат Рақышев, облыстық «Қоғамдық келісім және даму орталығының» жетекші сарапшысы Галия Әбдірахманқызы арнайы қатысты.

Мәдени іс-шарада кеш қонағы Зәуреш Жұмағалиқызының жарты ғасырға жуық еңбек жолындағы бірге қызметтес болған замандас әріптестері, өнер жолына тәрбиелеген шәкірттері ол кісінің білім саласына және ұлт руханияты, өнері, тарихы, әдебиет, мәдениеті мен өркениетіне қосқан үлесі мен қоғамдағы қайраткерлігіне қатысты кеңінен ой толғап, әңгіме өрбітіп, ақ тілектерін арнап, жүрекжарды құттықтауларын жолдап отырды.

Кеш жүргізушісі, аудандық кітапхананың кітапханашысы Шырын Бөлтірікова кеш қонағы Зәуреш Жұмағалиқызына сұрақтар қойып, тұщымды жауаптар алды.

Жүрекке жылы сәуле ұялатқан әсерлі кеш қызығын өнер жолындағы бұрынғы әріптестері, аудандық Мәдениет үйінің әншісі

сәндік-қолданбалы өнер бағыттары бойынша білім береді. Бүгінгі таңда мектепте 44 педагогтың басшылығымен 890 оқушы білім алу-да.

Мектептің бөлімшелері аудандағы 12 елді мекенде орналасқан, бұл балаларға қосымша білім алуға мүмкіндік береді. Оқушылардың жетістіктері айтарлықтай: халықаралық бай-



қауларда-38, республикалық деңгейде-176, облыстық сайыстарда-158, аудандық жарыстарда-82 жүлделі орындарға ие болды.

Мектептің дамуы мен жетістіктері арқылы Кеген өңірінде мәдениет пен өнерді насихаттау жұмыстары жоғары деңгейде жүзеге асырылуда.

Дәурен ЕРМЕКБАЙ.
Кеген ауданы.

Өз тілшімізден.
Балқаш ауданы.

Событие

В ЧЕСТЬ 100-ЛЕТИЯ ЧЕЛОВЕКА-ЛЕГЕНДЫ (в Илийском районе прошел знаковый спортивный турнир по джиу-джитсу)

Это мероприятие, состоявшееся на днях в детско-юношеской спортивной школе Отеген батыра, было посвящено 100-летию славного сына казахского народа, фронтовика, Героя Советского Союза Сагадата Нурмагамбетова.

Заметим, что эта звезда героя была получена им на войне в 20 лет! А еще Сагадат Кожаметович стал первым боевым генералом независимого Казахстана, первым министром обороны республики, первым человеком в стране, удостоенным звания «Халық Қаһарманы» (Народный герой), а также

лодежи важно брать пример с таких людей как Сагадат Кожаметович Нурмагамбетов. Чья жизнь - яркий пример для подражания и служения отчизне!

С приветственным словом к спортсменам и гостям обратился новый аким Илийского района Кайыржан Жақсімбетов, пожелавший участникам турнира новых побед

ления казахстанцев. Через такие масштабные турниры мы стремимся донести до молодого поколения значение его личности, роли в истории Казахстана и Вооруженных сил».

На церемонии открытия приняли участие первый олимпийский чемпион Василий Жиров, заместитель директора департамента организационно-территориальной работы Центрального аппарата партии Аманат Жандос Калтаев, дочь Сагадата Нурмагамбетова - Айсулу, депутаты районного маслихата, другие почетные гости.

Айсулу Нурмагамбетова рассказала, что отец всегда уважал спорт, гордился достижениями казахстанских спортсменов.

Еще одна яркая особенность данного турнира – показательные выступления сотрудников отдела по чрезвычайным ситуациям и кинологического отдела управления военной полиции Алматинского областного гарнизона.

Мастерство и слаженность действий проявили воспитанники военно-патриотических классов Алматинской области.

В данном международном турнире приняли участие более 400 джитеров в возрасте от 3 до 13 лет,



представлявших большинство регионов Казахстана, а также соседние Кыргызстан и Узбекистан.

Организатор турнира и главный спортивный тренер клуба «Sagadat Batyr QTT» Нурсултан Орынбасаров сказал: «Мы долго готовились к столь знаменательному событию - к 100-летию народного героя. И это не просто высокопарные слова, а действительно человек-легенда! Всю жизнь посвятил армии, прошел пекло войны. Дослужился от рядового до командира батальона, имеет десятки боевых наград и высочайшую из них – Звезду героя. И в мирное время стал первым мини-

стром обороны страны и первым человеком, удостоенным звания в независимом Казахстане «Халық Қаһарманы!» Большое спасибо всем, кто принял наше приглашение и поддержал нас. Рад, что наши старания не прошли даром, турнир состоялся на высоком организационном уровне».

Корреспондент газеты «Алатау Ардагері» попросил высказаться еще одного известного в нашем Казахстане человека, присутствовавшего на прошедшем турнире в качестве почетного гостя - Василия Жирова, первого олимпийского чемпиона независимого Казахстана по боксу в Атланта в 1996 году.

Профессиональный боксер, чемпион по версиям IBF и WBC. Ныне проживает в США.

Вот как он оценил эту поездку в Отеген батыр: «Я рад, что в Казахстане есть разнообразие и дети с азартом выступают (на различных соревнованиях). Главное, чтобы у детей с раннего возраста были достойные цели! И тогда будет постоянный рост. Было приятно присутствовать на этом мероприятии».

Надемся в новом году получить от Василия полное интервью для нашей газеты.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
п.Отеген батыр



был награжден знаком особого отличия «Алтын жұлдыз» и орденом «Отан».

Как пишут историки о Великой Отечественной войне, командир стрелкового батальона, майор Нурмагамбетов должен был получить за успешную военную операцию в конце войны под Берлином вторую Звезду героя СССР. Но в кулуарах Ставки Верховного Главнокомандования что-то пошло не так и представление к награде командиром дивизии Антоновым так и не было подписано.

Состав приглашенных гостей был весьма представительным: это генерал-полковник, обладатель звания «Халық Қаһарманы», ветеран органов национальной безопасности, видный общественный и государственный деятель Сат Токпакбаев. На открытии турнира по джиу-джитсу он, в частности, сказал, что горд за поколение юных спортсменов, их достижения, и мо-

и чаще поднимать флаг Казахстана на мировых аренах.

Председателя Алматинского областного совета ветеранов, Почетный президент спортивного клуба «Sagadat Batyr QTT» Ерболат Турымбетов подчеркнул значимость события - 100-летия Сагадата Нурмагамбетова: «Спортсмены клуба имени

Сагадата Нурмагамбетова достойно несут высокое имя, продолжая добиваться больших успехов на местных, республиканских и международных соревнованиях, тем самым, популяризируя этого легендарного человека. В Казахстане установлен памятник на месте его рождения - в городе Акколь, а в городе Қонаев есть улица, названная в честь героя.

Сагадат Нурмагамбетов внес неоценимый вклад в развитие и укрепление обороноспособности страны, ее вооруженных сил, в поддержку подрастающего поко-



Ауыл спорты

Бейбіт күннің батырына арналған турнир

Таяуда Балқаш ауданы Аралтөбе орта мектебінде аудандық білім бөлімі мен аудандық бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының ұйымдастыруымен КСРО-ның «Құрмет белгісі» және Қазақстан Республикасы «Құрмет» ордендерінің және Қазақстан халықтары Ассамблеясының «Бірлік» Алтын медалінің иегері, ауданның Құрметті азаматы Бейсетай Дәуренбековты еске алуға арналған жасөспірімдер арасында волейболдан аудандық турнир болып өтті.



Аталмыш спорттық шараға аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы Самат Рақышев, аудандық білім бөлімінің әдіскері Алтынбек Әденов, аудандық бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығының директоры Азамат Телтаев, Ақжар ауылдық округінің әкімі Айдын Үркінбаев және ауыл тұрғындары, марқұмның туған-туыстары, балалары, немерелері қатысты.

Бейбіт күннің батырын еске алуға арналған спорттық шараның ашылу салтанатында сөз алған аудандық бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығының директоры Азамат Телтаев аталмыш спорттық шара бұған дейін аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде, №2 Жамбыл атындағы орта мектебінде және Ақкөл орта мектебінде аймақтық іріктеу кезеңдері ұйымдастырылғанын айта келе, аудандық турнирдің жоғары дәрежеде өтетініне сенім білдіріп, ақтық сайысты ұйымдастырып жатқан Аралтөбе орта мектебінің ұжымына және мектеп басшысы Света Елеубаеваға ризашылығын білдіріп, спортшыларға сәттілік тіледі.

Мұнан соң Аралтөбе орта мектебінің оқушылары бейбіт күннің батыры Бейсетай Дәуренбековтың рухына арналып жазылған өлең шумақтарды жатқа орындап, спортшыларға рухани күш-жігер сыйлайтын патриоттық әндерді орындады.

Аудандық турнирдің ашылу салтанатынан кейін спортшылар көп күттірместен жарысты бастап кетті. Аймақтық кезеңдерінен сүрінбей өтіп, іріктеліп келген 7 команданың кіл мықты ойыншылары өзара тартысты ойын өрнегін көрсетіп, бар ынта жігерлерін салып, жүлделі орындарды еншілеуге тырысып бақты.

Жарыс барысында ала допты алақандарында ұршықша иірген балғын волейболшылардың бір – бірінен асып түспесе, кем түспейтінін аңғардық.

Ойын көрігін қыздырған спортшылар арасында Аралтөбе командасының көшін алға бастаған Бүркіт Темірболатұлы, Әлімжан Қалдыбек, Береке командасының ойыншылары Аслан Манат, Әбіл-Мансұр Бейбіт, тағы басқа спортшылар көрермендердің көңілінен шығып, ыстық ықыластарына бөленіп жатты.

Аралтөбе ауылының тұрғындары ойын өрнегін қыздырған спортшыларға дән ризашылықтарын білдіріп, турнирдің жоғарғы деңгейде өтуіне атсалысып отырды.

Спорттық сайыста ерен ерліктің үлгісін көрсеткен бейбіт күннің батыры жайында естілгенер айтылып, марқұмның ел-жұртына сенірген еселі еңбектері әңгіме өзегіне айналып, ас беріліп, марқұмның рухына Құран көрім бағышталды.

Бейсетай Дәуренбеков жайында естелік айтып, арнайы сөз кезегін алған құрметті

қонақтардың деншілігі Аралтөбе орта мектебінің атауын алдағы уақытта бейбіт күннің батыры есімімен атаса деген ұсыныстарын жеткізіп жатты. Ал турнирдің өтуіне ерекше атсалысып, үлесін қосқан аудандық кәсіподақ төрағасы Самат Рақышев жарысқа демеуші болған азаматтарға ризашылығын білдіріп, бұл жарыс жыл сайын өткізілетін дәстүрлі спорттық сайыс болса деген ұсынысын ортаға салды.

Тартысты өткен турнирді қорытындылай келгенде Береке орта мектебінің командасы І-ші орынды жеңіп алса, ақтық сайыста өнер көрсеткен Аралтөбе орта мектебі ІІ-ші орынды еншіледі. Ал жүлделі ІІІ-ші орын №1 Жамбыл атындағы орта мектеп командасы місе тұтса, №2 Жамбыл атындағы орта мектеп спортшылары Құрмет грамотасымен марапатталды.

Марапаттау барысында Береке командасының ойыншысы Аслан Манатқа «Үздік шабуылшы», Аралтөбе командасының намысын қорғаған Бүркіт Құрманбайға «Үздік ой-

ыншы», №1 Жамбыл атындағы орта мектеп оқушысы Батыр Еркінұлына «Үздік ойын үйлестіруші» номинациялары табысталды.

Жеңімпаз командалар мен үздік ойыншыларды марапаттаған Аралтөбе орта мектебінің директоры Света Сәскебайқызы турнир демеушілер тарапынан берілген ақшалай сыйлықтарды табыстап, жарысқа қатысып, бақ сынаған спортшыларға сәт сапар тіледі.

Осылайша өрімдей 12 баланың өмірін сақтап қалған бейбіт күннің батырын еске алып, оның жасаған ерен ерлігін ұрпаққа ұлықтау мақсатында ұйымдастырылған аудандық турнир дүбірге толы, жоғары деңгейде өтті.

Аудан көлемінде ұйымдастырылған турнирде өз өнерлерін көрсеткен балғын спортшылар қасиетті Балқаш топырағынан жаралған дара перзентгі ерен ерлігі жайында мол мағұлмат алып, рухани байлыққа бөленіп, тарқасты.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ.
Балқаш ауданы.

